

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 223 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 21 мамырда № 11110 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 27 маусымдағы № 256 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 27.06.2023 № 256 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 31.03.2017 № 55 (01.07.2018 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Қазақстан Республикасында мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 6-баптарына, "Жерасты және ашық кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 7-баптарына, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша

және жасына байланысты берілетін мемлекеттік әлеуметтік базалық жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарда және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін, осы бұйрықпен бекітілетін Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ уәкілетті ұйымнан төленетін зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларының 3-тармағының бесінші бөлігін қоспағанда, оны алғаш ресми жариялаған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрі*

Т. Дүйсенова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Инвестициялар және даму министрі
_____ Ә. Исекешев

2015 жылғы 24 сәуір

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2015 жылғы 14 сәуірдегі
№ 223 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидалары

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 06.05.2020 № 163 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларын (бұдан әрі – Қағидалар) "мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 3 және 6-баптарына сәйкес әзірленді. Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін әлеуметтік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңының (бұдан әрі- Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы Заң), "Қазақстан Республикасында жұмыс істеген адамдарға берілетін мемлекеттік арнайы жәрдемақы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5 және 7-баптары жер асты және ашық тау-кен жұмыстарында, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда, еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда істейтін жеке және заңды тұлғаларға қолданылмайды", "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі- Заң) 7-бабы, "мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасымен бюджет қаражаты есебінен мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін ұсыну, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі ұғымдар:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне

қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, жылжымайтын мүлікке құқықтарды оның орналасқан жері бойынша мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) "бір өтініш" қағидаты – бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтер жиынтығын көздейтін мемлекеттік қызметті көрсету нысаны;

3) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін зейнетақы төлемдері – зейнетақы төлемдерін алушыларға төленетін зейнетақы жинақтарының төлемдері;

4) жасына байланысты зейнетақы төлемдері – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша кемінде алты ай еңбек өтілі бар жеке тұлғаларға еңбек өтіліне барабар жүзеге асырылатын ақшалай төлем;

5) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, тиісті банк операцияларының түрлерін реттеу және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, "Қазпошта" акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) зейнетақы мен жәрдемақы тағайындау жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық органдары;

7) зейнетақылар мен жәрдемақылар алушы (бұдан әрі – алушы) – мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемдері және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдері және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындалған жеке тұлға;

8) мемлекеттік арнайы жәрдемақылар – 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жерасты және ашық кен жұмыстарында, жұмыс жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстарда немесе еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстарда Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жұмыс өтілі болған адамдарға берілетін ақшалай төлем;

9) мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар – бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын, мүгедектік туындаған, асыраушысынан айырылған кезде азаматтарға берілетін ай сайынғы ақшалай төлемдер;

10) мемлекеттік базалық зейнетақы төлемі (бұдан әрі – базалық зейнетақы) – Заңда белгіленген зейнеткерлік жасқа жеткенде берілетін ай сайынғы ақшалай төлем;

11) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшелері – Мемлекеттік корпорацияның қалалық, аудандық бөлімшелері;

12) Мемлекеттік корпорацияның филиалдары – Мемлекеттік корпорацияның облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларындағы филиалдары;

13) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі (бұдан әрі – МӘС бөлімшесі) – уәкілетті органның медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізетін құрылымдық бөлімшесі;

14) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – Қазақстан Республикасының зейнетақы заңнамасы саласында белгіленген жағдайларда төлем түрлерін жүзеге асыруға арналған орталық атқарушы органның орталықтандырылған дерекқоры;

15) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

16) өтініш беруші – базалық зейнетақы және (немесе) жасына байланысты зейнетақы төлемін және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін және (немесе) мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақы және (немесе) мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындауға жүгінетін жеке тұлға;

17) проактивті көрсетілетін қызмет – қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша берілетін қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алу субъектісінің ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы берілген келісімі міндетті түрде қажет болатын, электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызмет;

18) цифрлық құжаттардың сервисі – операторға бекітілген және мемлекеттік функцияларды және олардан туындайтын мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді іске асыру мақсатында, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау, электрондық нысанда қызметтерді алу және көрсету кезінде электрондық құжаттарды жасауға, сақтауға және пайдалануға арналған "электрондық үкіметтің" ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының объектісі;

19) электрондық іс макеті (бұдан әрі – ЭІМ) – Мемлекеттік корпорацияда Е-макет автоматтандырылған ақпараттық жүйеде қалыптастыратын жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақы, мемлекеттік базалық

әлеуметтік жәрдемақы, мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушының электрондық іс макеті;

20) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтінін растайтын электрондық цифрлық нышандар терімі;

21) "электрондық үкіметтің" веб-порталы – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру бойынша қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды Мемлекеттік корпорация, МӘС бөлімшесі арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі

3. Базалық зейнетақы мен жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (бұдан әрі – зейнетақылар), мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар мен мемлекеттік арнайы жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақылар) алуға құқығы бар адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және сәйкестендіру үшін жеке басты куәландыратын құжатты мыналар арқылы ұсынады:

1) Мемлекеттік корпорация арқылы – зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау үшін.

Бұл ретте, "бір өтініш" қағидаты бойынша өтініш берушінің таңдауы бойынша мыналар:

Заңның 11-бабының 1-тармағына сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен адамдар осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақы мен зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін;

белгіленген тәртіппен мүгедектігі бар адам деп танылған адамдар осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы тағайындау үшін мемлекеттік қызмет көрсетуге өтініш беруі мүмкін;

2) медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесі арқылы – мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша өтініш

осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы, еңбекке қабілеттілігінен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем тағайындау үшін "бір өтініш" қағидаты бойынша беріледі;

3) портал арқылы – базалық зейнетақы, мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау үшін;

4) проактивті қызмет арқылы – мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау кезінде проактивті қызмет арқылы өтініш беру талап етілмейді. Мүгедектігі және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау бойынша проактивті қызмет көрсету тәртібі осы Қағидалардың 4-тарауында көзделген.

Қандас мәртебесі бар адамдар зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындауға жүгінгенде сәйкестендіру үшін қандас куәлігі ұсынылады.

Іс-әрекетке қабілетсіз, іс-әрекетке қабілеті шектеулі немесе қамқоршылыққа немесе қорғаншылыққа мұқтаж адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті олардың заңды өкілдері береді.

Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін өтінішті Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша үшінші тұлғалар береді.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағы 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Құжаттарды қабылдайтын маман "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті автоматтық жүйеге (бұдан әрі – АЖ) сұрау салуды қалыптастырады:

"Жеке тұлғалар" мемлекеттік дерекқоры АЖ-ға – өтініш берушінің жеке басын куәландыратын және тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттар бойынша;

МЗЖ АЖ-ға – жинақтаушы зейнетақы қорына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналары жүргізілген орташа айлық табыстың барынша тиімді мөлшерін белгілеу үшін және "Қазақстан

Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы", "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" және "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңдарымен белгіленген міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың, міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың және/немесе жарналардың мөлшерлемелері бойынша сомаларының сәйкестігіне;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) АЖ-ға – баланың (балалардың) туу туралы куәлігі немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2007 жылғы 13 тамыздан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), неке қию туралы куәлік бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 маусымнан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша), балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (Қазақстан Республикасының аумағында 2008 жылғы 1 мамырдан кейін жүргізілген тіркеулер бойынша);

"Е-Қорғаншылық" АЖ-ға – қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжаттар бойынша;

"Жоғарғы сот" АЖ-ға – бала (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі бойынша сұрау салу бойынша;

"Біріктірілген салықтық ақпараттық жүйе" АЖ – адамның жеке кәсіпкер ретінде тіркелмегені жөнінде мемлекеттік кірістер органынан анықтама бойынша, сондай-ақ Заңның 24-бабының 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, дара кәсіпкердің, жеке тәжірибемен айналысатын тұлғалардың, сондай-ақ нысанасы жұмыстарды орындау (қызметтерді көрсету) болып табылатын азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша табыстар алатын жеке тұлғалардың табысы туралы деректер бойынша;

"Мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған деректер базасы" АЖ мүгедектігі белгіленгені туралы мәліметтердің болуына;

"АХАЖ" (азаматтардың хал актілерін жазу) АЖ-ға – қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама бойынша (2008 жылғы 1 мамырдан кейін Қазақстан Республикасының аумағында жүргізілген тіркеу бойынша қалыптастырады).

Өтініш электрондық не қағаз түрінде беріледі, қол қойылады немесе өтініш берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылады.

АЖ мәліметтермен сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтінішке тиісті құжаттар қоса беріледі.

Электрондық құжаттар цифрлық құжаттардың сервисі арқылы қалыптастырылады, тексеріледі және пайдаланылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттарға мыналарды қоса береді:

1) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында жұмыс істеген адамдар Ресей Федерациясының валютасымен төленген табысы туралы жұмыс берушінің анықтамасы (бар болса);

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген күнге Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамы туралы мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсынан алады;

1-1) міндетті зейнетақы жарналарына, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне "0" түзету коэффициенті қолданылған Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдерінде алынған табыс, сондай-ақ табыстары "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 15-бабының 3-тармағына сәйкес жеке тұлғаның салық салынуға жататын табыстарынан алып тасталған қызметтен түскен табыс осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің табыстар туралы анықтамасы;

2) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар:

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы жоқ немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, нақтылық болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай сондай-ақ:

білімі туралы құжат;

әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

"Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама;

әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғызділікті мүгедектігі бар адамға және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі;

Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелердің, Қазақстан Республикасы мекемелердің, халықаралық ұйымның қызметкері жұбайы (зайыбы) шетелде тұрғанын растайтын құжат;

әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат;

Қазақстан Республикасына тарихи отанында тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу мемлекетіндегі еңбек қызметін растайтын құжат ұсынылады.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме;

балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;

орта-кәсіптік немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы;

балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

3) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде).

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

6. 5 және одан да көп бала туған (асырап алған) және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген әйелдерге жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалғанда қосымша: балалардың туу туралы куәліктері (немесе азаматтық

хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) және балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген фактіні растайтын құжаттар ұсынылады.

Балаларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген фактіні растайтын құжаттарға (олардың бар-жоғына қарай) мыналар жатады:

- 1) балалардың жеке басын куәландыратын құжаттар;
- 2) балалардың неке туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде);
- 3) балалардың оқу орнында оқитыны туралы құжат;
- 4) балалардың қайтыс болу туралы куәлік немесе хабарлама (азаматтық хал актілерін жазу органы берген қайтыс болу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);
- 5) әскери билет;
- 6) баланы (балаларды) тәрбиелеу, асырап алу фактісін белгілеу туралы соттың шешімі.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында тұрған адамға жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған жағдайда, 1949 жылғы 29 тамыз бен 1963 жылғы 5 шілде аралығында төтенше және аса жоғары радиациялық қатер аймақтарында 5 жыл бойы тұру фактісін растайтын құжат қосымша ұсынылады.

8. Базалық зейнетақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

- 1) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарды ;
- 2) неке туралы куәлікті (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлікті немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзіндіні (бар болса) ұсынады.

Зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттарға (олардың болуына байланысты) мыналар жатады:

- 1) осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген, өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар;
- 2) жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растайтын құжаттар;

балалардың туу туралы куәліктері (туу туралы актілік жазбадан үзінді немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

келесі құжаттардың біреуі (олардың болуына байланысты):

балалардың жеке басын куәландыратын құжат;

балалардың (тегін өзгерткен кезде) неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді;

балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат;

балалардың арнаулы орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не білім алғанын растайтын оқу орнының анықтамасы;

балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама (немесе қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін жазу органдары берген азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат;

3) жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді.

4) бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамды және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қарттарды, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі;

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтерді мемлекеттік АЖ-дан растау кезінде сот шешімін ұсыну талап етілмейді;

5) әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар:

еңбек кітапшасы;

әскери билет;

қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы;

қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы;

қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері ұсынылады;

6) Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде, әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

7) "Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

8) егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай):

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар, болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама;

сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дерекқордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дерекқордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмағанда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңі мынадай құжаттармен расталады:

міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы;

міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңін растайтын сот шешімі.

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшерін қайта есептеген кезде жеке практикамен айналысатын адамдардың, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, Заңның 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалардың, сондай-ақ өз пайдасына міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырған дара кәсіпкерлердің және шаруа немесе фермер қожалықтарының басшылары және мүшелерінің (қатысушыларының) міндетті зейнетақы жарналарын жүзеге асырылған кезеңі бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының кемінде жылдық сомасын аударған жағдайда бір жылға тең болады.

Егер көрсетілген адамдар енгізген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті салық кезеңіне төленуге жататын міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, онда міндетті зейнетақы жарналарын аударылған кезең енгізілген міндетті зейнетақы жарналарының сомасына пропорционалды түрде айқындалады.

Міндетті зейнетақы жарналарын 2006 жылғы 1 шілдеге дейін аударған жағдайда жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңіне міндетті зейнетақы жарналарын аударылған айдың алдындағы ай есепке алынады.

Егер бір айда жинақтаушы зейнетақы қорларына және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүзеге асырылса, жинақтаушы жүйеге қатысу кезеңі бір айды құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне "0 " түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің анықтамасымен расталады.

Төтенше жағдайлар, шектеу іс-шаралары қолданылған кезеңде қызметті шектеуге байланысты кірістен айырылу жағдайына әлеуметтік төлем алу кезеңі орталықтандырылған дерекқордағы мәліметтермен расталады.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін артығымен (қате) төленген міндетті зейнетақы жарналарының сомалары қайтаруға жатпайды.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Мүгедектігі бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген

құжаттардан басқа, мүгедектігі бар адамдардың орталықтандырылған дерекқорынан өтініш берушіге мүгедектік белгілеу туралы мәліметтер сұратылады.

Мүгедектердің орталықтандырылған дерекқорында мәліметтер болмаған жағдайда өтінішке мүгедектік туралы анықтаманың көшірмесі қоса беріледі.

Бар-жоғына қарай мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады:

1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию/бұзу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы/қамқоршы тегін өзгерткен кезде).

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік базалық әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) асыраушының қайтыс болғаны туралы куәлікті немесе хабарламаны немесе адамды хабар-ошарсыз кеткен (қайтыс болған) деп тану туралы соттың шешімін;

2) асырауындағы адамның қайтыс болған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты (туу туралы, неке туралы, некені бұзу туралы, әке болуды (ана болуды) белгілеу туралы куәлік және тағы басқалар) ұсынады.

Қажет болған кезде (олардың бар-жоғына қарай) мынадай құжаттар ұсынылады:

1) азаматтық хал актілерін жазу органдарының анықтамасы (егер туу туралы куәлікте әкесі туралы мәліметтер анасының мәлімдеуі бойынша енгізілсе);

2) егер он сегіз бен жиырма үш жас шамасындағы асырауындағы адамдар күндізгі оқу бөлімінің оқушылары болып табылса, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы (жыл сайын беріледі);

3) қамқоршы немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат;

4) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери билеті не әскери қызмет өткергені туралы анықтама;

5) әскери қызметшінің, ішкі істер органдары мен бұрынғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызмет өткеру кезінде алған жаралануы, контузия алуы, мертігуі, ауруы салдарынан қаза болғаны немесе қайтыс болғаны туралы анықтама.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау кезінде қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адам жыл сайын еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасын ұсынады, ол болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі АЖ адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және орталық атқарушы органның автоматтандырылған ақпараттық жүйесінен міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісінің болмауы туралы мәліметтерді сұратады.

13. Мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау үшін өтініш беруші осы Қағидалардың 3-тармағында тізбеленген құжаттардан басқа:

1) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс сипатын немесе еңбек жағдайларын растайтын ұйымның анықтамасын ұсынады.

Ұйым таратылған жағдайда жұмыс орны, атқарған лауазымы, кәсібі, жұмыс кезеңдері, архив ісінің нөмірі, оның беттері көрсетілген, мөрмен және архив директоры мен архивариустың қолы қойылып расталған архивтік анықтама немесе мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмесі ұсынылады.

Мұрағат құжаттары болмаған жағдайда жұмыс сипаты немесе еңбек жағдайлары және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізіміне немесе Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен көрсеткіштердің № 2 тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді;

2) осы Қағидалардың 5-тармағының 2) тармақшасында көзделген, еңбек өтілін растайтын құжаттарды ұсынады.

14. Мемлекеттік қызметтерді көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, оның ішінде процестің сипаттамасы, нысаны, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсетудің ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің нысаны ретінде осы Қағидаларға 8, 9, 10, 11 және 12-қосымшаларға сәйкес регламенттелген.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Өтініш беруші зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындау үшін жүгінген кезде өтінішті қабылдаушы өтініш берушінің тағайындау немесе төлем тағайындауға өтініш беру фактісінің болуына тексеруді жүзеге асырады.

Орталық атқарушы органның АЖ тиісті төлемді тағайындау немесе зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған кезде өтініш берушіге мүлтіксіз осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі, ал мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар проактивті қызмет арқылы тағайындағанда мемлекеттік қызмет көрсету процесі аяқталады.

16. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіден тиісті төлемді тағайындау үшін қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығын, сондай-ақ ақпараттық жүйелерден алынған мәліметтерді тексереді, электронды құжаттардың көшірмелерінің өтініш беруші осы Қағидалардың 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарына сәйкес ұсынған түпнұсқаларына сәйкес келуін қамтамасыз етеді, өзінің ЭЦҚ арқылы куәландырады, кейін құжаттардың түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

17. Өтініш беруші құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған немесе зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға құқығы болмаған жағдайда өтініш берушіге кідіріссіз осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы мен жәрдемақыларды тағайындауға өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

18. Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар бала тәрбиелеушіге жәрдемақы, бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтім жасау бойынша жәрдемақы тағайындауға "бір терезе" қағидаты бойынша жүгінгенде МӘС бөлімшесі өтінішті қабылдаған күннен бастап бір

жұмыс күні ішінде электрондық өтініштен, құжаттардың электрондық көшірмелеріне тұратын электрондық өтінімді, сондай-ақ мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дан алынған мәліметтерді Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жібереді.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау кезінде табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың, міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың және/немесе жарналардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталады.

Айырмашылықтар анықталғанда зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеуге арналған орташа айлық табыс айырмашылық анықталған айлар үшін табыс сомалары ескерілмей айқындалады.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау туралы өтініш осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінде зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау (қайта есептеу) туралы азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі. МӘС бөлімшесі және портал арқылы келіп түскен электрондық өтінімдер осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтардың өтініштерін тіркеудің электрондық журналында тіркеледі.

21. Өтінішті қабылдаған маман өтініш берушіге құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат береді.

Жасына байланысты зейнетақы төлемдері және мемлекеттік арнайы жәрдемақылар тағайындалғаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі еңбек кітапшасын өтініш берушіге қайтарады.

22. Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы үлесіне құқығы бар адам өтінішпен және осы Қағидалардың 3 және 11-тармақтарында көрсетілген қажетті құжаттарды қоса бере отырып, тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жүгінеді.

Үлес алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бір жұмыс күні ішінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы өтінішті және оған қоса берілген құжаттарды негізгі алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электрондық түрде жібереді.

Негізгі алушының тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде үлес алушы жәрдемақысының мөлшерін көрсете отырып негізгі алушыға асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға электрондық шешім жобасын қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жібереді.

3-тарау. Базалық зейнетақыны, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және жерлеуге бір реттік төлемдерді портал арқылы тағайындауға жүгіну тәртібі

23. Өтініш беруші базалық зейнетақыны, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және жерлеуге бір реттік жәрдемақыларды тағайындауға портал арқылы жүгінген кезде ұсынылған мәліметтерді растау және өтініште көзделген қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-на сұрау салу:

базалық зейнетақыны тағайындау үшін осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес;

мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес;

асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау үшін осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес;

жерлеуге бір реттік төлем тағайындау үшін – осы Қағидаларға 21-қосымшаға сәйкес ЭҮШ ("электрондық үкіметтің" шлюзі) арқылы тиісті мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-дан өтініш беруші өзі жүзеге асырады.

Мемлекеттік органдар және (немесе) ұйымдар сұрау салынған мәліметтерді растайтын электрондық құжаттарды ұсынған кезде сұрау салуды портал арқылы жүзеге асырған өтініш беруші электрондық өтінішті өзінің ЭЦҚ-сымен куәландырады және Е-макет автоматтандырылған АЖ жібереді.

Базалық зейнетақыны тағайындау, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны және жерлеуге бір реттік төлемдерді тағайындауға портал арқылы келіп түскен базалық зейнетақы тағайындау үшін ұсынылған электрондық өтініш мынадай параметрлер бойынша тексеруден өтеді:

1) ұсынылған мәліметтердің толықтығы;

2) тағайындау, төлеу, сондай-ақ тиісті төлемдерді тағайындауға өтініш беру фактісінің болмауы;

3) өтініш берушіге басқа негіз бойынша төлем тағайындалуы;

4) базалық зейнетақыны тағайындау үшін – өтініш берушінің зейнеткерлік жасқа жетуі;

5) жерлеу үшін бір реттік төлемдерді тағайындау үшін – көрсетілген қайтыс болған адамға төлем тағайындауға өтініш беру;

қайтыс болған адамға жасына байланысты зейнетақы мен жәрдемақы тағайындалуы;

жерлеу үшін бір реттік төлемге жүгіну зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған айдан кейінгі үш жылдан кешіктірмей өтініш беру.

Көрсетілген параметрлер бойынша тексеру нәтижесі оң болғанда өтініш өңдеуге арналған Е-макет кіріс хабарламалар журналына ауыстырылады.

Базалық зейнетақы, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы және жерлеуге бір реттік төлемдерді тағайындауға портал арқылы жүгінген өтініш берушіге электрондық өтініштің қабылданғаны туралы хабарлама өтініш берушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға проактивті қызметтер көрсету тәртібі

24. Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңда көзделген негіздер бойынша мүгедектігіне және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындауға құқық туындаған кезде, Е-макет арқылы абоненттік ұялы байланыс құрылғысының телефон нөмірі тіркелген жағдайда "электрондық үкіметтің" веб-порталында көрсетілетін қызметті алушыға мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау және тілді таңдауы туралы хабарлама дайындалады.

25. Көрсетілетін қызметті алушыдан проактивті қызмет көрсетуге келісім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыдан басқа да қажетті мәліметтерді алғаннан кейін, оның ішінде көрсетілетін қызметті алушының ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы шектелген қолжетімділік, банк шотының нөмірін беру немесе растау туралы хабарлама жіберіледі.

Әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға келісім алған күн проактивті қызмет арқылы мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындауға жүгінген күн болып есептеледі.

26. Мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды проактивті қызмет арқылы тағайындаған кезде қажетті мәліметтерді алу үшін мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ сұрау салу осы Қағидалардың 4-тармағымен көзделген Е-макет арқылы жүзеге асырылады.

27. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі электрондық мәліметтерден тұратын электрондық өтінімді тіркейді, электрондық шешім жобасымен ЭІМ қалыптастырады және ЭЦҚ куәландырады.

Мемлекеттік корпорация мен уәкілетті орган қызметкерлерінің іс-әрекеті осы Қағидалардың 5-тарауында көзделген.

28. Тағайындау туралы шешім қабылдау үшін қажетті ЭІМ мәліметтер болмаған немесе дұрыс болмаған жағдайда уәкілетті орган мүгедектігіне және асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

29. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушының ұялы телефонына SMS-хабарлама арқылы хабардар етеді.

Жәрдемақы тағайындау немесе тағайындаудан бас тарту туралы қабылданған шешім осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес SMS-хабарлама журналында тіркеледі.

Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат өтініш берушінің "жеке кабинетіне" уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде тіркеледі.

5-тарау. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау тәртібі

30. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жасына байланысты зейнетақы төлемдерін үш жұмыс күні ішінде, базалық зейнетақыны және жәрдемақыларды екі жұмыс күні ішінде тағайындауға ЭІМ-ді және шешім жобасын қалыптастырады.

Қалыптастырылған ЭІМ зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы екі жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, ЭІМ-ді ресімдеудің және зейнетақылар мен жәрдемақыларды есептеудің дұрыстығын тексереді.

Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

31. Жасына байланысты толық емес көлемдегі зейнетақы төлемдері толық зейнетақы төлемінен 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтіліне барабар үлес ретінде есептеледі.

Еңбек өтіліндегі толық айлардың саны талап етілетін өтіл айларының санына бөлінеді және есепке алынған табыстың 60 пайызына тең жасына байланысты толық зейнетақы төлемінің мөлшеріне көбейтіледі.

Заңнамада талап етілетін табыс болмаған жағдайда, толық емес көлемдегі зейнетақы төлемін есептеу тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленетін ең төмен зейнетақыға байланысты жүзеге асырылады.

32. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындаған және олардың мөлшері өзгерген кезде тиындармен есептелген барлық сома, тиындардың сомасына қарамастан бір теңгеге дейін дөңгелектеуге жатады.

33. Уәкілетті орган келіп түскен ЭІМ-ді қарайды және осы Қағидаларға 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жасына байланысты зейнетақы төлемдерін бес жұмыс күні ішінде, базалық зейнетақы мен жәрдемақыларды ЭІМ-ге түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Бас тарту үшін негіздеме анықталғанда, уәкілетті орган Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 73-бабына сәйкес өтініш берушіге зейнетақы және жәрдемақылар тағайындаудан (төлемді өзгертуден, қалпына келтіруден) бас тарту туралы хабарлама жібереді.

Өтініш берушінің алдын ала шешім бойынша қарсылығын уәкілетті орган оны алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Уәкілетті орган тыңдау нәтижелері бойынша зейнетақы және жәрдемақылар тағайындау (төлемді өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Бұл ретте өтініш беруші Мемлекеттік корпорация арқылы өтініш бергенде уәкілетті орган қарау мерзімі өткенге дейін бір тәуліктен кешіктірмей қарау нәтижесін "электрондық үкімет" шлюзі арқылы Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Егер зейнетақы мен жәрдемақылар төлемдерін тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешім қабылдау үшін ЭІМ-ге қосымша құжаттарды қоса тіркеу қажет екені анықталса және (немесе) табыс орталықтандырылған дерекқордың міндетті зейнетақы жарналарының, мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік аударымдардың, міндетті медициналық сақтандыру қорына аударымдардың және/немесе жарналардың және жеке табыс салығының аударылуы туралы мәліметтерімен расталмаса, уәкілетті орган ЭІМ-ні қайтарады және осы Қағидаларға 29-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі арқылы хабарлама жібереді. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі хабарлама түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде өтініш берушіні хабарлама немесе ұялы телефонға sms-хабарландыру алған күннен бастап жиырма бес жұмыс күні ішінде қосымша құжаттарды ұсыну туралы, оның ішінде ұялы телефонға sms-хабарландыру жіберу арқылы хабардар етеді. Sms-хабарландырулар осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргізілетін sms-хабарландырулардың электрондық журналында тіркеледі.

Өтініш берушіге хабарлама жіберілгеннен кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ-де бар деректер негізінде шешімнің электрондық жобасын қалыптастырады және зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жібереді.

Егер зейнетақы мен жәрдемақылар тағайындау үшін талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні ішінде ұсынылса, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы немесе жәрдемақы төлемдеріне құқық пайда болған күннен бастап төлемді тағайындау (өзгерту, қалпына келтіру) туралы шешімнің электрондық жобасын уәкілетті органға бекіту үшін жібереді.

Егер талап етілген құжаттар отыз жұмыс күні өткен соң ұсынылса, осы Қағидалардың 44 және 45-тармақтарына сәйкес қайта өтініш берген күн жүгінген күн болып есептеледі.

ЭІМ-де, оның ішінде портал арқылы қабылданған өтініштер бойынша зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (төлемді өзгерту, қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін жетіспейтін құжат болмаған жағдайда, уәкілетті орган тағайындаудан бас тарту туралы шешім шығарады.

Ескерту. 34-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 №

396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

35. Зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылданған кезде Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 31-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өтініш берушінің өзі келген кезде береді.

Егер зейнетақы немесе жәрдемақы тағайындауға өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлар жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Sms-хабарлар осы Қағидаларға 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

Порталда зейнетақы және жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат уәкілетті адамның ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат түрінде өтініш берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

36. Уәкілетті орган жасына байланысты зейнетақы төлемін немесе мемлекеттік арнайы жәрдемақы тағайындау туралы шешім қабылдағаннан кейін Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі еңбек кітапшасына "зейнетақы (жәрдемақы) тағайындалды" деген белгі қояды және оны өтініш берушіге өзі келген кезде қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі өтініш беруші жүгінген кезде қол қойдыра отырып осы Қағидаларға 32-қосымшаға сәйкес беретін куәлік алушының мәртебесін растайтын ресми құжат болып табылады.

Жоғарыда көрсетілген куәлікке осы Қағидаларға 33-қосымшаға сәйкес нысан бойынша зейнетақы төлемі мөлшерін есептеу туралы хабарлама немесе осы Қағидаларға 34-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік базалық зейнетақы мөлшерін есептеу туралы хабарлама қоса беріледі.

Куәлікті беру осы Қағидаларға 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша куәлікті тіркеу журналында тіркеледі.

Куәлікті алуға үшінші тұлғалар жүгінген жағдайда куәлік 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша беріледі.

Куәлігін жоғалтқан жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының өтініші бойынша куәліктің телнұсқасын жазып береді. Оң жақ үстіңгі бұрышына "Телнұсқа" деген белгі қойылады.

Зейнетақының немесе жәрдемақының түрі немесе мөлшері өзгерген не тұрғылықты жері өзгерген жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі куәлікке қосымша бетте жүргізілген өзгерістер туралы тиісті жазба жасайды.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

37. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындаудан бас тарту туралы шешім мынадай негіздер бойынша қабылданады:

1) зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін ұсынылған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;

2) зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау үшін ұсынылған деректер мен мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Өтініш беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойған жағдайда, өтініш беруші Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетілетін мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

38. Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде көрсетілген Мемлекеттік қызметтерді көрсету мәселелері бойынша уәкілетті органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым уәкілетті органның және (немесе) Министрліктің және (немесе) Мемлекеттік корпорация басшысының атына шағым беріледі.

Ескерту. 38-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

39. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі мен күні) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорацияның қызметкерлері қызмет көрсету кезінде олардың әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым оның басшысының атына немесе ақпараттандыру саласындағы уәкілетті органға беріледі. Мемлекеттік корпорацияның кеңсесіне қолма-қол да, почта арқылы да келіп түскен шағымды тіркеу (мөртабан, кіріс нөмірі мен тіркеу күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады), оның қабылданғанын растау болып табылады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Шағымды портал арқылы жіберген кезде көрсетілетін қызметті алушыға " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті беруші өтінішті өңдеу барысында жаңартып отыратын (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жүгіну туралы ақпарат қолжетімді болады.

41. Көрсетілетін қызметті берушінің, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекенжайына түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Заңның 25-бабының 2) тармақшасына сәйкес оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс. Шағымды тіркеу күні оны қарау мерзіміне кірмейді. Шағымды қарау нәтижелері туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға почта байланысы арқылы жіберіледі не уәкілетті органның, Министрліктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма-қол беріледі.

Ескерту. 41-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгінеді.

43. Мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайларда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

43-1. Шағымды қарау мерзімі ұзартылған жағдайда шағымды қарау бойынша өкілеттік берілген лауазымды адам шағымды қарау мерзімін ұзарту сәтінен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде шағымды берген көрсетілетін қызметті алушыға жазбаша түрде (шағым қағаз жеткізгіште берілген кезде) немесе электрондық нысанда (шағым электронды түрде берілген кезде) ұзартудың себептерін көрсете отырып, шағымды қарау мерзімін ұзарту туралы хабардар етеді.

Ескерту. Қағида 43-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

43-2. Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес әкімшілік тәртіппен (сотқа дейінгі) шағым жасалғаннан кейін сотқа жүгінуге жол беріледі.

Ескерту. Қағида 43-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

44. Жасына байланысты зейнетақы төлемдерін алушы жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін бұрын ұсынылған құжаттарды толықтыратын 1998 жылғы 1 қаңтарға дейінгі еңбек өтілі, 1998 жылғы 1 қаңтардан бергі табысы туралы құжаттарды ұсынған кезде жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшерін өзгерту, жүргізілген арттырулар ескеріле отырып осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті берген күннен бастап осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес электрондық журналға тіркелетін уәкілетті органның шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте қосымша ұсынылған, оның ішінде жинақтаушы зейнетақы қорларына немесе бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарының толық есептелмеуіне, ұсталмауына және уақтылы аударылмауына байланысты құжаттар бойынша есепке алынатын орташа айлық табыстың кезеңі жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері есептелген, бастапқы ұсынылған орташа айлық табыстың кезеңіне сәйкес келеді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Базалық зейнетақыны алушы зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі туралы қосымша құжаттарды ұсынған кезде, базалық зейнетақының мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 36-қосымшаға сәйкес нысан бойынша, ал әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық пендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қатарынан базалық зейнетақыны алушылар үшін осы Қағидаларға 37-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті берген күннен бастап жүзеге асырылады.

Базалық зейнетақының мөлшерін өзгерткенде еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдерін тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 31 желтоқсандағы № 1500 қаулысымен бекітілген Әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдары, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне,

сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға және Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы медициналық лауазымдары 2022 жылғы 1 шілдеден және 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қысқартылған, лауазымы қысқартылған кезде еңбек сіңірген жылдары үзіліссіз әскери қызметте, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызметте, мемлекеттік фельдъегерлік қызметте кемінде он екі жыл және алты ай болған адамдар қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесінің тергеу изоляторлары мен мекемелерінде орналасқан медициналық ұйымдарда жұмысын жалғастырған жағдайда осындай адамдарға зейнетақы төлемдерін тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес 1-ВС-арттыру нысаны бойынша базалық зейнетақының жаңа мөлшері туралы үзінділерді Мемлекеттік корпорацияның филиалдарына жолдайды.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген арттыруға, айлық есептік көрсеткіштің, ең төменгі күнкөріс деңгейінің, ең төмен зейнетақы, базалық зейнетақы мөлшерінің өзгеруіне байланысты зейнетақылар мен жәрдемақылардың мөлшерін өзгерту осы Қағидаларға 38, 39, 40, 41 және 42-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған уәкілетті органның шешімдерінің негізінде жүргізіледі.

47. Сот шешімімен іс-әрекетке қабілетсіз немесе іс-әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған қамқоршылықтағы (қорғаншылықтағы) адам үшін төлем алатын қамқоршы (қорғаншы) ауысқан, мүгедектік тобы немесе асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақымен қамсыздандырылатын отбасының еңбек етуге қабілетсіз мүшелерінің саны өзгерген жағдайларда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша зейнетақы мен жәрдемақыны тағайындау (өзгерту, төлемді қалпына келтіру, тағайындаудан бас тарту) туралы шешім жобасын дайындайды.

Алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні өзгерген кезде ОДБ-да өзгерістер автоматты режимде жүргізіледі.

48. Мүгедектігі бар адам зейнеткерлік жасқа жеткен кезде мүгедектігі бойынша жәрдемақыны төлеу тоқтатылады немесе алып отырған жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері ескеріле отырып қайта қаралады.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6-тарау. Тұрғылықты жері өзгерген кезде зейнетақылар мен жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

49. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар не Қазақстан Республикасының басқа өңірлерінен келген алушылар зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуға, егер заңдарда және халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, осы Қағидаларға 43-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды өтініш берушінің бұрынғы тұрған жері бойынша жүзеге асырады.

50. Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерден Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген адамдар осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті және осы Қағидалардың 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген құжаттарды зейнетақы ісі түскен соң ұсынады.

Ескерту. 50-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Қазақстан Республикасына тұрақты тұруға келген, бұрын Қазақстан Республикасында жасына байланысты зейнетақы төлемдері тағайындалған адамдардың бұрын Қазақстан Республикасында тағайындалған жасына байланысты зейнетақы төлемін Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кету сәтінде белгіленген мөлшерде қалпына келтіруді не Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жаңа тағайындау рәсімінен өтуді таңдауға құқығы бар.

52. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

53. Қазақстан Республикасының басқа өңірлеріне кеткен адамның зейнетақы ісі/жәрдемақы алушының ісі (бар болса) Мемлекеттік корпорацияның басқа бөлімшелерінің электрондық сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі өтінішті берген күннен бастап екі жұмыс күн ішінде алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне электронды сұрау салу жолдайды.

Алушының бұрынғы тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі сұрау салу келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күн ішінде осы Қағидаларға 44-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік

корпорация бөлімшесі ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық анықтама-аттестатты қалыптастырады және филиал арқылы алушының жаңа тұрғылықты жері бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне жолдайды.

54. Алушы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткен жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының осы Қағидаларға 45-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініші негізінде зейнетақы ісін/жәрдемақы алушының ісін алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі ЭІМ негізінде осы Қағидаларға 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша істің қағаз нұсқасын қалыптастырады және алушының қолына береді немесе басқа елдердің уәкілетті органдарының сұрау салуы бойынша жіберіледі.

Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кетушілерге зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу ішкі істер органдарынан тіркеуден шығарылған айға қоса жүргізіледі.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7-тарау. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 7-тараудың тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Уәкілетті органның зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау туралы шешімдерінің негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде тағайындалған зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын ай сайын, төлем айының алдындағы айдың 27-күніне Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ұсынылатын, төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне қосуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Министрлік тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде төлеуге қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жібереді.

57. Министрлік төлемге бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды төлемдер бойынша

қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сома шегінде жүзеге асырады.

58. Төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес одан кейінгі айға қосылуға тиіс.

59. Мемлекеттік корпорация бюджет қаражатын алып, төлеу графигіне сәйкес зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуге төлем тапсырмаларын, сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуларды қалыптастырады.

60. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуді Мемлекеттік корпорация: патронат туралы шарт бойынша отбасындағы балаларға жәрдемақыны аудару баланың өз шотына жүзеге асырылады;

зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымдағы банк шоттарына аудару;

"Қазпошта" акционерлік қоғамының бөлімшелері арқылы алушыларға үйлеріне жеткізіп беру жолымен жүргізеді.

Алушының банк шотының нөмірі, төлеу тәсілі, алушының (қамқоршының, қорғаншының) тұрғылықты жері өзгерген жағдайда алушылар (қамқоршылар, қорғаншылар) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне немесе зейнетақы мен жәрдемақы беру бойынша уәкілетті ұйымның бөлімшесіне осы өзгерістер туралы, тиісті өзгерістерді растайтын құжаттармен қоса өтініш береді.

Зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымның ЭЦҚ-сымен куәландырылған алушының келісімі болған кезде банк шотын және (немесе) төлем тәсілін өзгертуге өтінішті және банк шотының нөмірін зейнетақы мен жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті ұйым Мемлекеттік корпорацияға, оның ішінде электрондық байланыс арналары арқылы береді.

Ескерту. 60-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

61. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды үйге жеткізіп беру мынадай санаттағы адамдарға:

Ұлы Отан соғысының мүгедектігі бар адамдар мен қатысушыларына;

зейнетақылар мен жәрдемақыларды сексен жастағы алушыларға;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдарға;

бөгде адамның күтіміне мұқтаж және денсаулық жағдайы бойынша банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға бара алмайтыны туралы медициналық қорытындысы бар адамдарға;

почта байланысының автоматтандырылған бөлімшелері (пункттері) болмаған жағдайда ауылдық жерде тұратын адамдарға жүргізіледі.

Ескерту. 61-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

62. Алушыларға зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу бойынша өзара қарым-қатынас, егер Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі өзгеше белгілемесе, Мемлекеттік корпорация мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арасында жасалған шарттар негізінде регламенттеледі.

63. Зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеумен байланысты банк қызметтеріне ақы төлеу бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

64. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидаларға 46-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті орган шешімінің негізінде:

1) зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйым ұсынатын алушының банк шоттары бойынша үш және одан көп ай бойы шығыс операцияларының болмауы туралы;

2) шетелдіктің немесе азаматтығы жоқ адамның, қандастың жеке басын куәландыратын құжаттың қолданылу мерзімінің өтуі, оның ішінде АЖ анықталғаны туралы;

3) іздеуде жүрген адамдардың хабар-ошарсыз кету фактісінің, оның ішінде АЖ анықталғаны туралы;

4) ата-ананың (ата-аналардың) құқықтарынан және қамқоршыны (қорғаншыларды) құқықтарынан айыру (босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар) туралы), қамқоршыны (қорғаншыны) ауыстыру немесе қайтыс болуы, оның ішінде қамқоршы бір медициналық-әлеуметтік мекемеден басқасына шығып кеткенде жаңа қамқоршыны (қорғаншыны) тағайындағанға дейінгі фактілер туралы, оның ішінде АЖ анықталғаны туралы;

5) хабар-ошарсыз кеткен деп танылған немесе қайтыс болған деп жарияланған адамдардың жеке зейнетақы шоттарына міндетті зейнетақы жарналарын (міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын) аудару немесе азаматтың тірі екендігін растайтын ақпараттың келіп түсу фактісінің, оның ішінде АЖ анықталғаны туралы;

6) қайтыс болған асыраушының балаларына, аға-інілеріне, апа-сіңлілеріне (қарындастарына) немесе немерелеріне күтім жасайтын адамдардың жұмысқа орналасу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

7) жасы он сегізден асқан асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушының оқу орнынан шығарылғаны туралы немесе оның сырттай оқу нысанына ауыстырылғаны, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы;

8) шетел адамның тұруға ықтиярхатын алғанға дейін Қазақстан Республикасы азаматтығынан айырылу немесе шығу фактісі анықталғаны туралы, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталғаны туралы мәліметтер келесі айдың бірінші күнінен бастап;

9) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақылардан басқа, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде зейнетақы төлемдерін, жәрдемақылар алу фактісі анықталғанда төлемдерді мәліметтер келіп түскен кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтата тұрады.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің еңбекшілерін зейнетақымен қамсыздандыру туралы келісімге сәйкес тағайындалған зейнетақыларды қоспағанда, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде зейнетақы мен жәрдемақыларды алу фактісі анықталу себебі бойынша зейнетақылар мен жәрдемақылар тоқтатылғанда төлемдерді қалпына келтіру Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттерде артығымен төленген зейнетақы мен жәрдемақы сомаларын өтеген кезде тоқтатылған, бірақ үш жылдан аспайтын күннен бастап жүргізіледі.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидаларға 47-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

алушы қайтыс болған;

кеткен елінің уәкілетті органынан зейнетақы ісіне/жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуы түскен;

зейнетақы немесе жәрдемақы алушының оны әділет органдарынан тіркеуден шығарғанын растайтын құжатпен қоса, зейнетақы немесе жәрдемақы төлеуді тоқтату туралы өтініші түскен;

мемлекеттік арнайы жәрдемақы алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалту немесе азаматтығынан шығу фактісінің, оның ішінде ақпараттық жүйелерден анықталған;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы сотының хабарламасы негізінде отставкадағы судьяға ай сайынғы өмір бойы қамсыздандыру тағайындалған (қайта басталған);

әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнайы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп

жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдар қатарынан зейнеткердің зейнетақы ісінен уәкілетті мемлекеттік органның еңбек сіңірген жылдары үшін зейнетақы төлемдері тағайындалған;

зейнетақы мен жәрдемақылар алушылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі анықталған, оның ішінде АЖ-дан;

өтініш берушінің негізсіз тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталған жағдайларында кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатады.

Өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу тоқтатылғанда осы Қағидаларда көзделген тәртіппен жаңа тағайындау процедурасы жүргізіледі.

Уәкілетті орган өтініш берушінің негізсіз бастапқы тағайындауға алып келген дәйексіз мәліметтерді ұсыну фактісі анықталу себебі бойынша төлемді тоқтату туралы шешім бекітілген кезде алушы тарапынан заңсыз төлемдер алуда қылмыс құрамының болуы немесе болмауы фактісін белгілеу үшін құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Жалған құжаттар ұсыну туралы сот шешімін шығарған кезде зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бастапқы тағайындау кезінен бастап тоқтатылады.

Ескерту. 65-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

66. Осы Қағидалардың 64-тармағының 1), 2) және 4) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша зейнетақы мен жәрдемақылар төлемдері тоқтатыла тұрғанда төлемдерді қалпына келтіру тоқтатыла тұрған күннен, бірақ оларды алу үшін жүгінер алдындағы үш жылдан аспайтын сәттен бастап осы Қағидаларға 24, 25, 26, 27 және 28-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша жүргізіледі.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Алып тасталды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

68. Уәкілетті орган азаматтарды хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп тану туралы сот шешімдерінің күшін жою мәселесі бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесінен хабар-ошарсыз кеткен немесе қайтыс болған деп танылған адамның 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару немесе азаматтың тірі болу фактісін растайтын дәйекті ақпарат келіп түскені туралы хабарлама келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде сотқа жүгінеді.

Сонымен бірге уәкілетті орган төлемді тоқтата тұру туралы шешімді бекітеді және төлемдерді заңсыз алуға алушы тарапынан қылмыс құрамының болу немесе болмау фактілерін анықтау үшін құқық қорғау органдарына жүгінеді.

Азаматты хабар-ошарсыз кетті деп тану не өлді деп жариялау туралы бұрын шығарылған сот шешімінің күшін жою туралы сот шешімін шығару кезінде асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша жәрдемақы төлемі тоқтатыла тұрған күннен бастап тоқтатылады.

69. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуға атқарушылық іс жүргізу құжаттары келіп түскен жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ОДБ-да ұстап қалуды жүргізеді.

Алушының зейнетақылар мен жәрдемақылардан ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттің корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі дайындаған уәкілетті органның шешімі негізінде ұстап қалуды жүргізеді.

70. Мемлекеттік корпорация бөлімшесінің қызметкерлері қайтыс болу, кету фактілері туралы төлемді тоқтата тұру немесе алып тастау, төлемді қалпына келтіру, сондай-ақ алушылардың қайтыс болуына, кетуіне, төлемдерді тоқтата тұруға байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына қарай түзету жөніндегі негіздемелер, іс-әрекеттер белгіленген ұстап қалу сомалары туралы ОДҚ-да күн сайын жазбалар жасайды.

71. Зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған жағдайда, егер жерлеуге арналған біржолғы төлемге өтініш зейнетақы немесе жәрдемақы алушы қайтыс болған күннен кейін үш жылдан кешіктірілмей берілген болса, оны жерлеуді жүзеге асырған адамға алушы қайтыс болған сәтте айқындалатын мөлшерде жерлеуге арналған біржолғы төлем төленеді.

Ескерту. 71-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

72. Қайтыс болған зейнетақы немесе жәрдемақы алушыны жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға жерлеуге біржолғы төлем тағайындау үшін өтініш берушінің жеке сәйкестендіру нөмірі немесе заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі болған кезде осы Қағидалардың 49-тармағында көзделген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 72-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

73. Жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлғадан өтініш қабылданған кезде жеке басты куәландыратын құжат, зейнетақы немесе жәрдемақы алушының қайтыс болғаны туралы мәліметтерді тиісті ақпараттық жүйелерден алады.

Ақпараттық жүйелерден алынатын мәліметтер болмаған жағдайда жерлеуді жүзеге асырған жеке немесе заңды тұлға өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жерлеуді жүзеге асырған адамның жеке басын куәландыратын құжат немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтама (куәлік) (заңды тұлғалар үшін) немесе дара кәсіпкердің патенті (заңды тұлға құрмастан кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін);

2) алушының қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама немесе қайтыс болу фактісін растайтын басқа мемлекеттердің уәкілетті органы берген және апостиль қойып куәландырылған құжат.

Ескерту. 73-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

74. Жерлеуге бір реттік төлем тағайындау бойынша қызмет процесінің сипаты, түрі, мазмұны және нәтижесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету ерекшеліктері ескерілген басқа да мәліметтер кіретін мемлекеттік қызметтер көрсетуге қойылатын негізгі талаптар мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі түрінде осы Қағидаларға 50-қосымшаға сәйкес регламенттелген.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 51-қосымшаға сәйкес жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындауға ЭІМ-ді және электрондық шешім жобасын қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияның филиалына жібереді.

Мемлекеттік корпорацияның филиалы бір жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды, есептеудің және ЭІМ мен электрондық шешім жобасын ресімдеудің дұрыстығын тексереді және жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдау үшін уәкілетті органға жібереді.

Уәкілетті орган электрондық құжаттармен келіп түскен электрондық шешім жобасын қарайды, олар уәкілетті органға келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

Ескерту. 75-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

76. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жерлеуге арналған біржолғы төлемді тағайындау туралы уәкілетті органның шешімінің негізінде олар келіп түскен күннен бастап бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 52 немесе 53-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бюджет қаражатына өтінімді, сондай-ақ 54-қосымшаға сәйкес тізім-ведомосін қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

77. Мемлекеттік корпорация жерлеуге арналған біржолғы төлемді аударуды жүгінген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүргізеді.

8-тарау. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі адамдарға зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды тағайындау және төлеу тәртібі

Ескерту. 8-тараудың тақырыбына орыс тілінде өзгеріс енгізіледі, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 16.11.2021 № 424 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

78. Қылмыстық-атқару жүйесі мекемелеріндегі зейнетақы немесе жәрдемақы алуға құқығы бар адамға зейнетақы немесе жәрдемақы өтініштің және қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне мекеме әкімшілігі ұсынатын, осы Қағидалардың 3, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-тармақтарында көзделген құжаттардың негізінде тағайындалады.

79. Егер адам қылмыстық-атқару жүйесі мекемесіне орналастырылған сәтте зейнетақы немесе жәрдемақы алушы болып табылса, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорация қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің әкімшілігі осы Қағидалардың 49 және 53-тармақтарына сәйкес ұсынған, көрсетілген адамның өтініші негізінде төлемді Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырады.

80. Қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі алушының зейнетақы/жеке ісін алғаннан кейін зейнетақы мен жәрдемақыны аудару үшін қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің қолма-қол ақшаны бақылау шотының деректемелерін көрсете отырып оны есепке қояды.

9-тарау. Интернаттық және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде зейнетақыларды және жәрдемақыларды төлеу тәртібі

81. Қамқоршы (қорғаншы) Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне адамды іс-әрекетке қабілетсіз (іс-әрекетке қабілеті шектеулі) деп тану туралы және қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу туралы сот шешімінің көшірмесін не қамқоршылық және қорғаншылық органының шешімін және қамқоршылықты (қорғаншылықты) растайтын құжатты ұсынады.

Интернаттық (отбасы үлгісіндегі балалар ауылы, Жасөспірімдер үйі, балалар үйі, ересектерге арналған немесе ақыл-есі кем балаларға арналған жалпы және арнаулы үлгідегі интернат-үй және басқалар) және мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекеме орналасқан жердегі Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі зейнетақыларды немесе жәрдемақыларды төлеуді осы Қағидалардың 49 және 53-тармақтарына сәйкес алынған құжаттар негізінде жүзеге асырады.

Бұл ретте, мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген зейнетақы және жәрдемақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

82. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушының стационар жағдайларында медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскені (шыққаны) туралы мәліметті алған сәттен бастап екі жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 46 және 25-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша медициналық-әлеуметтік мекемеге мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін алушы (ұйымға) түскені (шыққаны) туралы АЖ ақпарат енгізген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тоқтата тұру (қалпына келтіру) туралы шешім жобасын дайындайды және оны Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға береді.

Уәкілетті орган үш жұмыс күні ішінде келіп түскен ЭІМ-ді қарайды және жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға құқығы жоқ адамдарды қоспағанда, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тоқтата тұру (қалпына келтіру) туралы шешім қабылдайды.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және жасына байланысты зейнетақы төлемдеріне және мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыға құқығы жоқ, мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға базалық зейнетақы төлемі зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

83. Мемлекеттік корпорация жасына байланысты зейнетақы төлемдерін (төлейтін айға қажеттілікті қалыптастырғаннан кейін пайда болған сомаларды) медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және мемлекеттің толық қамсыздандыруындағы адамдарға

медициналық-әлеуметтік мекемелерге (ұйымдарға) түскені (шыққаны) туралы ақпарат келіп түскен, медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) жасына байланысты зейнетақы төлемін алушы түскені (шыққаны) туралы АЖ ақпарат енгізген медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) кіргені (шыққаны) туралы деректер толтырылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап Заңның 21-бабының 2-1-тармағында белгіленген көлемде жүзеге асырады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Заңның 21-бабының 2-1-тармағында белгіленген жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген зейнетақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

84. Мемлекеттік корпорация мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды (төлеу айына қажеттілік қалыптастырылғаннан кейін пайда болған сомаларды) төлеуді Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңның 6-бабының 1-1 және 1-2 тармақтарында айқындалған мөлшерде және көлемде алушының медициналық-әлеуметтік мекемеге (ұйымға) түскені (одан шыққаны) туралы ақпарат АЖ-ға енгізілген айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүзеге асырылады.

Атқарушылық іс жүргізу құжаттары немесе алушының ұстап қалуға өтініші келіп түскен жағдайда Мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңның 6-бабының 1-1-тармағында белгіленген мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың көлемі тиісті ұстап қалудан кейін айқындалады.

Медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын адамдарға зейнетақылар мен жәрдемақылар сомаларын есептеу Қазақстан Республикасының зейнетақымен және әлеуметтік жәрдемақылар туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Бұл ретте, медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тіркелген күніне дейінгі кезеңге төленбеген зейнетақы сомалары алушының банк шотына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

85. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жасына байланысты зейнетақыны немесе жәрдемақыны төлеуді орталық атқарушы органның АЖ алушының

шыққаны туралы ақпарат келіп түскен айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап толық көлемде қалпына келтіреді.

86. Мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) стационар жағдайларында тұратын және мемлекеттің толық камсыздандыруындағы тірек-қимыл аппараты бұзылған мүгедектігі бар балаларға мүгедектігі бойынша және асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымда ашылған олардың банк шоттарына аудару арқылы толық көлемде төленеді.

Ескерту. 86-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10-тарау. Қорытынды ережелер

87. Зейнетақылар мен жәрдемақылардың артық есептелген (төленген) сомаларын қайтару:

алушының өтініші бойынша;

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздемелер бойынша Мемлекеттік корпорация бөлімшесі хатының негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі төлемдерді республикалық бюджет кірісіне аудару үшін Мемлекеттік корпорацияға қайтарудың негізділігін растайтын қажетті құжатты (АЖ алынған алушының қайтыс болғаны не Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге кеткені туралы мәліметтерді және (немесе) зейнетақы және жәрдемақы алушы тұруға кеткен елдегі уәкілетті органнан зейнетақы ісіне немесе жәрдемақы алушының ісіне сұрау салуды) қоса бере отырып, зейнетақы мен жәрдемақы беру жөніндегі уәкілетті ұйымға хат ұсынады;

соттың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

		<p>Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, ал бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан берілетін зейнетақы төлемдерін, базалық зейнетақыны және жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға жүгінген кезде осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бір өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:</p>
		Мемлекеттік корпорацияда:
		1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басты сәйкестендіру үшін қажет);
		2) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) немесе некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (бар болса);
		3) өтініш берушінің зейнетақы жүйесіне қатысу өтілін растайтын құжаттар: өтініш берушінің 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін жинақталған еңбек өтілін растайтын құжаттар: еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, архив мекемелерінің анықтамалары, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттардың

электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар.

Болуына қарай сондай-ақ: білімі туралы құжат; әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы; балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ; "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген ақталуы туралы анықтама; әскери ұрыс қимылдарына қатысқаны туралы әскери комиссариаттың анықтамасы;

бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамға және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерге, сексен жасқа толған қарттарға, он сегізге дейінгі мүгедектігі бар балаға күтімді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын соттың шешімі; Кеңес Одағы аумағында орналасқан мекемелер, Қазақстан Республикасы мекемелері, халықаралық ұйым қызметкері жұбайының (зайыбының) шетелде тұрғанын растайтын құжат;

әскери қызметшінің, арнаулы мемлекеттік орган қызметкері жұбайының (зайыбының) мамандығы бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұрғанын растайтын құжат; Қазақстан Республикасына тарихи елінде тұрақты тұру мақсатында келген этникалық қазақтардың шығу еліндегі еңбек қызметін растайтын құжат.

Жұмыс істемейтін ананың жас балаларды бағып-күткен уақытын растау үшін мына құжаттардың (олардың болуына қарай) біреуі ұсынылады:

балалардың жеке басын куәландыратын құжат; балалардың неке туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлігі немесе неке қию туралы актілік жазбасынан үзінді көшірме (тегін өзгерткен кезде); балалардың орта оқу орнын бітіргені туралы аттестат; кәсіптік орта немесе жоғары оқу орнын бітіргені туралы диплом не балалардың оқығанын растайтын оқу орнының анықтамасы; балалардың қайтыс болғаны туралы куәлік немесе хабарлама (не азаматтық хал актілерін жазу органдары берген қайтыс болғаны туралы актілік жазба немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама); балалардың әскери қызметті өткергенін растайтын құжат; жұмыс істемейтін әкенің жас балаларды нақты бағып-күткені фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Бұл ретте көрсетілген кезең баланың анасының зейнетақы жүйесіне қатысу өтіліне есептелмейді; бірінші топтағы мүгедектігі бар адамды, екінші топтағы жалғыздікті мүгедектігі бар адамды және бөгде адамның көмегіне мұқтаж жасына байланысты зейнеткерді, сексен жасқа толған қартты, он сегіз жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланы бағып-күтуді жүзеге асыру фактісін және кезеңін растайтын сот шешімі.

Мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (камқоршыға), бірінші топтағы мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға тағайындалатын және төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы алу туралы мәліметтер мемлекеттік ақпараттық жүйелерде расталған кезде сот шешімін ұсыну талап етілмейді; әскери қызмет, арнаулы

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті аушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет, мемлекеттік фельдъегерлік қызмет кезеңдерін растайтын (олардың болуына қарай) мынадай құжаттар : еңбек кітапшасы; әскери билет; қызмет кезеңі туралы архив мекемесінің анықтамасы; қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) немесе қызмет орнының анықтамасы; қызметті өткеру туралы келісімшарт жасау және тоқтату негізінде қызметтік қатынастардың туындауын және тоқтауын растайтын бұйрықтың көшірмелері; Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметтері және халықаралық ұйымдар қызметкерлері жұбайының (зайыбының) шетелде , әскери қызметшілердің (мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерден басқа), арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің жұбайларымен мамандықтары бойынша жұмысқа орналасу мүмкіндігі болмаған жерлерде тұру фактісін және кезеңін растайтын құжат;

"Байқоңыр" кешенінің ресейлік ұйымдарында 1998 жылғы 1 қаңтардан кейінгі еңбек өтілін растайтын құжат;

егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың 2004 жылғы 31 желтоқсанға дейінгі еңбек қызметінің кезеңдерін растайтын құжаттар (олардың болуына қарай): еңбек кітапшасы; еңбек кітапшасы болмаса немесе жарамсыз болса, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаса, түзетулер және оқылуында әртүрлілік болса, жұмыс орнынан анықтама; сот шешімі.

Егер мүгедектігі мерзімсіз болып белгіленсе, бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар адамдардың зейнетақы жүйесіне

қатысу өтіліне 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап әлеуметтік төлемдерді аудару туралы орталықтандырылған дереккордың мәліметтері негізінде Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына әлеуметтік төлемдер жүзеге асырылған кезеңдер есепке алынады.

Міндетті зейнетақы жарналары жүзеге асырылған кезең орталықтандырылған дереккордағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы мәліметтермен расталады.

Міндетті зейнетақы жарналары толық және уақтылы аударылмағанда міндетті зейнетақы жарналарын (олардың болуына қарай) жүзеге асыру кезеңдері мынадай құжаттармен расталады:

осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарын аудару туралы жұмыс берушінің (құқықтық мирасқордың) немесе архивтік мекеменің растау анықтамасы (міндетті зейнетақы жарналары аударылған кезеңдер өтініш беруші еңбек өтілін растайтын құжаттарда көрсетілген еңбек қызметінің кезеңдеріне сәйкес келсе); міндетті зейнетақы жарналарын аудару кезеңдерін растайтын сот шешімі.

Жеке практикамен айналысатын адамдар, азаматтық-құқықтық сипаттағы шарттар бойынша кіріс алатын жеке тұлғалар, сондай-ақ нысанасы жұмысты (қызмет көрсетуді) орындау болып табылатын, "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 24-бабы 2-тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ фермерлік шаруашылық немесе шаруа қожалықтарының басшысы және мүшелеріне (қатысушыларға), өз

пайдаларына міндетті зейнетақы жарналары жүргізген дара кәсіпкерлердің адамдардың міндетті зейнетақы жарналарын жүргізген кезеңдері бірыңғай жинақтаушы қорына тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін кемінде жылдық міндетті зейнетақы жарналарының сомасын аударған жағдайда бір жылға теңестіріледі.

Егер көрсетілген адамдардың салынған міндетті зейнетақы жарналарының сомасы тиісті қаржы кезеңіне тиісті төленетін міндетті зейнетақы жарналарының жылдық сомасынан аз болса, міндетті зейнетақы жарналарының кезеңі міндетті зейнетақы жарналарына енгізген сомасына пропорционалды түрде анықталады.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысу кезеңі 2006 жылғы 1 шілдеге дейін міндетті зейнетақы жарналарын аударған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналарын аударуды жүзеге асырған алдыңғы айынын айы ескеріледі.

Егер бір айдың ішінде жинақтаушы зейнетақы қоры және (немесе) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын аудару бірнеше рет жүргізілсе, жинақтаушы жүйеде қатысу кезеңі бір айды құрайды.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының , міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарының мөлшерлемелеріне "0" түзету коэффициенті қолданылған еңбек, кәсіпкерлік қызмет, қызмет түрлері бойынша жеке практикамен айналысу кезеңдері осы Қағидаларға 5-1-қосымшаға сәйкес жұмыс берушінің анықтамасымен расталады.

Төтенше жағдайлар, шектеу іс-шаралары кезеңінде қызметті шектеуге байланысты кірістен айырылу жағдайына әлеуметтік

төлемдерді алу кезеңі орталықтандырылған дерекқордағы мәліметтермен расталады.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса, талап етілмейді.

Жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтерді, баланың (балалардың) туу туралы куәлігін немесе туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірмені (2007 жылғы 13 тамызға дейін туған жағдайда), неке қию (некені бұзу) туралы куәлікті (некені 2008 жылғы 1 маусымға дейін қиған жағдайда), қайтыс болу туралы куәлік немесе хабаралма (2008 жылғы 1 мамырдан соң Қазақстан Республикасы аумағында жүргізілген тіркеулер бойынша), қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеу туралы құжатты, баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімін көрсетілетін қызметті алушы "электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік АЖ-ден алады.

Қамқоршылықты (қорғаншылықты) белгілеуді, қамқоршылық (қорғаншылық) белгілеуді растайтын құжат.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсынғанда нотариус "Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1-тармағының 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес қазақ немесе орыс тілдеріне құжатты аудару дұрыстығын куәландырады.

Порталға: мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау үшін – осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының куәландырылған ЭЦҚ электрондық құжат нысанында портал арқылы мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға өтініш беру;

		<p>мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – қызметтерді алушының куәландыратын ЭЦҚ электрондық құжат нысанында өтініш беру.</p>
<p>9</p>	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер</p>	<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған, мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмағанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> <p>Төлемдерді тағайындауға өтініш беру немесе тиісті төлемдерді дәлелдейтін деректерді ақпараттық жүйеден алғанда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтініш берушіге кідіртпей осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысанда өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты ұсынады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызметтер көрсетуден бас тартады:</p> <p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p>
		<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды,</p>

10	Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар	<p>бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған кезде, мемлекеттік қызметтер туралы ақпаратты портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсетудің статусы туралы ақпаратты көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтері, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Цифрлық құжаттардың сервисі электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бірреттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p>
----	--	---

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына 10-қосымша

Ескерту. 10-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	<p>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау үшін мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде</p> <p>3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)</p> <p>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) көрсетілетін қызметті беруші – мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау үшін мүгедектік алғаш рет белгіленген кезде</p> <p>3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)</p> <p>4) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы</p>
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>8 (сегіз) жұмыс күні</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі:</p> <p>Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар еуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады; порталда жәрдемақы тағайындау туралы жәрдемақы ау үшін – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут;</p>

		<p>Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут, көрсетілетін қызметі берушіде – күту уақыты талап етілмейді;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	<p>Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетілетін проактивті түрінде</p>
5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысанда мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p> <p>Порталда мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.</p> <p>Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.</p>
	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті	

6	алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілдері	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
7	Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.00-ге дейін Мемлекеттік қызметті көрсетуге өтінішті қабылдау графигі: сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетілген қызметінсіз көрсетіледі.</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін. Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады.</p> <p>3) порталда – жөнделу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде</p>

		<p>өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсетілетін орындардың мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Министрлік www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі2) Мемлекеттік корпорация – www.gov4c.kz
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді, көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш және мынадай құжаттар ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);2) "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген нысан бойынша мүгедектік туралы анықтама (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген). <p>Болуына қарай мынадай құжаттардың біреуі ұсынылады:</p> <ol style="list-style-type: none">1) Радиациялық әсерге ұшыраған адамдардың ауруының, мүгедектігінің себептік байланысын белгілеу жөніндегі

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті аушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

ведомствоаралық сараптамалық кеңестің шешімі;

2) Орталық әскери-дәрігерлік комиссияның шешімі;

3) госпиталь берген ауруы туралы куәлік немесе әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;

4) он алты жасқа дейінгі мүгедектігі бар баланың туу туралы куәлігі (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) ;

5) неке туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама) не некені бұзу туралы куәлік немесе неке қию туралы актілік жазбадан үзінді көшірме (ата-анасы (қамқоршы) тегін өзгерткен кезде).

Қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенде, қамқоршылық (қорғаншылық) белгіленгенін растайтын құжатты ұсынады.

Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1 -тармағы 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса талап етілмейді.

Порталға: мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін – мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындауға өтініш портал арқылы осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанында; мүгедектігі бойынша әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы ақпаратты алу үшін – көрсетілетін

		<p>қызметті алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы осы тармақта көрсетілген құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі;</p> <p>портал арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы біреттік құпиясөзді беру жолымен немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болған жағдайда іске асырылған интеграция арқылы алады.</p>
		<p>Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.</p> <p>Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе төлеу фактісін растайтын мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алғанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес</p>

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады:

1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;

2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартылған себептерді жойғанда, көрсетілетін қызметті алушы осы Стандартта белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызметті алу үшін қайта жүгінеді.

Көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша мемлекеттік қызмет мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы, мүгедектігі бойынша арнаулы мемлекеттік жәрдемақы, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеушіге жәрдемақы, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектігі бар адамның күтімі бойынша жәрдемақы тағайындау үшін "бір өтініш" қағидаты бойынша көрсетіледі.

Мүгедектігі бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды проактивті қызмет тағайындау қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша ұсынылады, оны көрсету үшін ұялы байланыс абоненттік құрылғысы арқылы ұсынылған қызметті алу субъектісінің міндетті келісімі қажет.

Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар

Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.

Көрсетілетін қызметті берушіде мемлекеттік қызмет:

1) тиісті өңірдің медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшелерінің (медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімдерінің және (немесе) медициналық-әлеуметтік сараптама әдіснама және бақылау бөлімдерінің) орналасқан жері бойынша;

2) көшпелі отырыстарда: көрсетілетін қызметті алушының тұрғылықты (тіркелген) жеріндегі емдеу-профилактикалық мекемелер базасында; мамандандырылған мекемелерде емделіп жатқан орны бойынша; көрсетілетін қызметті алушының барған жері бойынша түзеу мекемелері мен тергеу изоляторларында; үйде, стационарда – егер адам дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысына сәйкес денсаулық жағдайы бойынша

медициналық-әлеуметтік сараптамаға келе алмайтын болса;

3) сырттай – куәландырылатын адам тасымалдауға келмейтін және/немесе қызмет көрсетілетін өңірден тыс жерде стационарлық емделуде жүрген болса, куәландырылатын адамның немесе заңды өкілінің келісімімен осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет "Мүгедектікті және/немесе еңбек ету қабілетінен айырылу

	<p>дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" айқындалған құжаттарды ұсыну негізінде көрсетеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы " жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Цифрлық құжаттардың сервисі электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бірреттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.</p>
--	---

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына 11-қосымша

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік

		<p>қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)</p>
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	<p>1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);</p> <p>2) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)</p> <p>3) ұялы байланыс абоненттік құрылғысы</p>
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>8 (сегіз) жұмыс күні.</p> <p>Мемлекеттік корпорация өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс күні ішінде хабардар еуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады;</p> <p>порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат алу үшін – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут; көрсетілетін қызметті берушіге өтініш тапсырған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	<p>Электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде және (немесе) проактивті түрінде</p>
		<p>Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі: осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p>

5	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	<p>Порталда асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы хабарлама, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.</p> <p>Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.</p>
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілі	<p>Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі</p>
		<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін</p>

Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі

2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті порталы арқылы броньдауға болады.

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.

Көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек кодексіне сәйкес демалыс және мереке күндері асыраушысынан айырылуы бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы тағайындауға өтініш берген жағдайда, өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі келесі жұмыс күні жүргізіледі.

Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:

- 1) Министрлік www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;
- 2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz,

Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) Мемлекеттік корпорацияға мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша өтініш береді, және мынадай құжаттар ұсынады:

- 1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы

азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

2) асыраушының қайтыс болуы туралы куәлік немесе хабарлама немесе адамды хабар ошарсыз кетті деп (қайтыс болды) тану туралы соттың шешімі;

3) асырауындағының қайтыс болған адаммен туыстық қатынасын растайтын (тууы туралы, некеге тұру, некені бұзу, әкелігін анықтау (аналығын) туралы куәлік).

Болуына қарай, мынадай құжаттар ұсынылады:

1) азаматтық хал актілерін тіркеу жөніндегі органдардың (егер туу туралы куәлікке әкесі туралы мәліметтер анасының мәлімдеуі бойынша енгізілсе) анықтамасы;

2) егер он сегіз бен жиырма үш жас аралығындағы асырауындағы адамдар күндізгі оқу бөлімінің оқушылары болып табылса, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оқу орнының анықтамасы (жыл сайын беріледі);

3) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу туралы құжат;

4) қаза тапқан (қайтыс болған) адамның әскери билеті не әскери қызмет өткергені туралы анықтамасы;

5) әскери қызметшінің, ішкі істер органдары және Қазақстан Республикасының бұрынғы Мемлекеттік тергеу комитеті қызметкерінің қазасы немесе өлімі қызметтік міндеттерін атқару немесе әскери қызметін өткеру кезінде жарақат алу, контузияға ұшырау, мертiгу, ауру салдарынан болғанын растайтын құжат.

Асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау кезінде

Мемлекеттік қызмет көрсету үшін көрсетілетін қызметті аушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі

қайтыс болған асыраушының сегіз жасқа толмаған балаларын, інілерін, қарындастарын немесе немерелерін күтумен айналысатын адам жыл сайын еңбек қызметін тоқтатқаны туралы жазбасы бар еңбек кітапшасын, ол болмағанда Мемлекеттік корпорация ақпараттық жүйелерден адамның дара кәсіпкер ретінде тіркелмегені туралы және автоматтандырылған ақпараттық жүйеден міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісінің болмауы туралы мәліметтерді сұрайды.

Құжаттарды ұсыну, оларды мемлекеттік ақпараттық жүйелерден, оның ішінде цифрлық құжаттардың сервисінен алу мүмкін болса, талап етілмейді. Шет тілінде жасалған құжаттарды ұсыну барысында нотариус " Нотариат туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабы 1 -тармағы 9) тармақшасына, 80-бабына сәйкес құжаттың қазақ немесе орыс тіліне дұрыс аударылғанын куәландырады.

Порталда: асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін – асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындауға өтініш осы Қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу; асыраушысынан айырылуы жағдайына мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды тағайындау үшін қызмет алушының ЭЦҚ куәландырылған электрондық құжат нысанында сұрау салу; көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде көрсетілетін қызметті алушыға:

Мемлекеттік корпорацияда – тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат беріледі; портал

арқылы – көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы статус көрінеді

Көрсетілетін қызметті берушілер цифрлық құжаттар сервисінен цифрлық құжаттарды "электрондық үкімет" веб-порталында тіркелген пайдаланушының ұялы байланысының абоненттік нөмірі арқылы біреттік құпиясөзді беру жолымен немесе "электрондық үкімет" веб-порталының хабарламасына жауап ретінде қысқа мәтіндік хабарлама жіберу жолымен ұсынылған құжат иесінің келісімі болғанда іске асырылған интеграция арқылы алады.

Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінің 8-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттар жиынтығын толық бермеген және (немесе) мерізімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған, жасы бойынша зейнетақы төлемін тағайындауға құқығы болмаған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тағайындауға өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

Зейнетақы және жәрдемақы тағайындауға өтініш беру немесе төлеу фактісін растайтын мәліметтерді ақпараттық жүйелерден алғанда Мемлекеттік корпорацияның қызметкері осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтінішті қабылдаудан бас тарту туралы қолхатты өтініш берушіге тапсырады.

Көрсетілетін қызметті беруші мынадай негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тартады: 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік

9	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) оларда қамтылған деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігін белгілеу;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ұсынылған материалдардың, деректердің және мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту себептерін жойғанда, көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік қызмет алу үшін қайта жүгінеді.</p>
10	Мемлекеттік қызметтің, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге талаптар	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуді, өз бетінше жүріп-тұруды, бағдарлауды жүзеге асыру қабілетін немесе мүмкіндігін заңнамада белгіленген тәртіппен толық немесе ішінара жоғалтқан көрсетілетін қызметті алушылар "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8 800 080 77 77 арқылы жүгінгенде мемлекеттік қызмет көрсету үшін құжаттарды қабылдауды Мемлекеттік корпорацияның қызметкері тұрғылықты жеріне барып жүргізеді.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті электрондық нысанда портал арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", көрсетілетін қызметті берушінің анықтама қызметі, сондай-ақ "1414" бірыңғай байланыс орталығы, 8-800-080-7777 арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p>

	Цифрлық құжаттардың сервисі электрондық цифрлық қолтаңбаны немесе бірреттік құпиясөзді пайдаланумен "eGov mobile" мобильді қосымшасында тіркелген пайдаланушылар үшін қолжетімді.
--	---

Мемлекеттік базалық зейнетақы төлемін бюджет қаражаты есебінен беру, сондай-ақ жасына байланысты зейнетақы төлемдерін, мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айырылу жағдайы бойынша берілетін мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды, мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау және жүзеге асыру қағидаларына 12-қосымша

Ескерту. 12-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 29.09.2022 № 396 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Мемлекеттік арнайы жәрдемақыларды тағайындау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі		
1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің аумақтық бөлімшелері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілі	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) мемлекеттік арнайы жәрдемақы (бұдан әрі – жәрдемақы) тағайындау туралы ақпарат алу кезінде www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі – портал)
		8 (сегіз) жұмыс күні. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі: Мемлекеттік корпорацияның өтініш берушіні қосымша құжатты (құжаттарды) ұсыну қажеттігі туралы 5 (бес) жұмыс

3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	<p>күні ішінде хабардар етуі үшін мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі 5 (бес) жұмыс күніне ұзартылады;</p> <p>порталда – ақпараттық жүйеге электрондық сұрау салу келіп түскен сәттен бастап 30 минут;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;</p> <p>Мемлекеттік корпорацияда қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 30 минут.</p>
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	<p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі: осы Қағидаларға 30-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жәрдемақы тағайындау (тағайындаудан бас тарту) туралы хабарлама.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.</p> <p>Порталда жәрдемақы тағайындау туралы ақпарат көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.</p> <p>Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті алушы жеке өзі (немесе нотариат куәландырған сенімхат бойынша оның өкілі) келгенде жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде тиісті құжаттардың қабылданғаны туралы қолхат негізінде беріледі.</p> <p>Мемлекеттік корпорация көрсетілетін қызметті алушының мобильді телефонына sms-хабар жіберу арқылы қабылданған шешім туралы көрсетілетін қызметті алушыны хабардар етеді.</p>

6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан өндіріп алынатын төлемақының мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны өндіріп алу тәсілі	Көрсетілетін мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі
7	Көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>1) Көрсетілетін қызметті берушіде – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі асқа үзіліс 13.00-ден 14.30-ға дейін</p> <p>2) Мемлекеттік корпорацияда – Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес жексенбі және мереке күндерінен басқа, дүйсенбіден бастап сенбіні қоса алғанда, көрсетілген қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигіне сәйкес түскі асқа үзіліссіз сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.</p> <p>Қабылдау көрсетілетін қызметті алушының "электрондық кезек тәртібінде", жеделдетіп қызмет көрсетусіз жүзеге асырылады, электрондық кезекті порталы арқылы броньдауға болады.</p> <p>3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары интернет-ресурстарда орналастырылған:</p> <p>1) Министрлік www.enbek.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі</p> <p>2) Мемлекеттік корпорация - www.gov4c.kz</p>
		Көрсетілетін қызметті алушы (немесе нотариат куәландырған

сенімхат бойынша оның өкілі) мемлекеттік қызметті көрсету үшін жүгінген кезде осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді және мынадай құжаттар ұсынады:

Мемлекеттік корпорацияға:

1) жеке басты куәландыратын құжат (Қазақстан Республикасы азаматының паспорты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі, азаматтығы жоқ адамның куәлігі, шетелдіктің ықтиярхаты, Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі қандас куәлігі) (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);

2) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыны тағайындау үшін жұмыс сипаты мен еңбек жағдайы туралы анықтама;

Ұйым таратылғанда жұмыс істеген орны, лауазымы, кәсібі, жұмыс істеген кезеңі, архивтік істің нөмірі, оның беттері мәліметтер көрсетілген мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік анықтама ұсынылады.

Архивтік құжаттар болмаған кезде, жұмыс сипаты немесе еңбек жағдайлары және олардың Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 19 желтоқсандағы № 1930 қаулысымен бекітілген Жерасты және ашық кен жұмыстарындағы, еңбек жағдайлары ерекше зиянды және ерекше ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің лауазымдар мен көрсеткіштердің № 1 тізіміне немесе Еңбек жағдайлары зиянды және ауыр жұмыстардағы өндірістердің, жұмыстардың, кәсіптердің, лауазымдар мен

көрсеткіштердің № 2 тізіміне сәйкестігі сот органдары арқылы белгіленеді;

3) өтініш берушінің еңбек өтілін растайтын құжаттар:

еңбек кітапшасы;

еңбек кітапшасы болмаған немесе жарамсыз болған, еңбек кітапшасында тиісті жазбалар болмаған, түзетулер, дәлсіздіктер, әртүрлі оқулар болған кезде архив мекемелерінен немесе жұмыс орнынан анықтамалар, мемлекеттік архивтің немесе ведомстволық архивтің уәкілетті қызметкерінің электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған архивтік құжаттың электрондық көшірмелері немесе жұмыс орнынан анықтамалар;

болуына қарай мынадай құжаттар ұсынылады:

білімі туралы құжат;

әскери билет немесе қорғаныс істері жөніндегі басқарманың (бөлімнің) анықтамасы;

балалардың туу туралы куәліктері (азаматтық хал актілерін жазу органдары берген туу туралы актілік жазбадан үзінді көшірме немесе азаматтық хал актілерін тіркеу туралы анықтама);

"Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес прокуратура органдары берген акталуы туралы анықтама;

